

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы		№81/11-2024
«Анатомия» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік өңдеу		20 беттің 1беті

**Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі  
«Оңтүстік Қазақстан Медицина Академиясы» АҚ жанындағы  
медицина колледжі**

**Симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар**

**Пәннің атауы: «Тіс-жақ жүйесінің анатомиясы, физиологиясы және биомеханикасы»**

**Мамандығы:** 09110200 «Ортопедиялық Стоматология»

**Біліктілігі:** 4S09110201 «Тіс технигі»

**Оқу түрі:** күндізгі

**Оқудың нормативтік мерзімі:** 1 жыл 10 ай, 2 жыл 10 ай

**Циклдар мен пәндер индексі:** ЖКП 04

**Курс:** 1,2 курс

**Семестр:** I, III семестр

**Модуль атауы:** «Тіс-жақ жүйесінің анатомиясы, физиологиясы және биомеханикасы»  
(Анатомия)

**Қорытынды бақылау түрі:** емтихан

**Барлық сағаттардың/кредиттердің жалпы жүктемесі KZ-** 24 сағат/1 кредит

**Симуляциялық –** 9

**Шымкент, 2024 жыл**



«Морфологиялық пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды және ұсынылды  
хаттама № 1 «27» 08 2024 ж.  
Кафедра меңгерушісі [Signature] Ералхан А.Қ.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы		№81/11-2024
«Анатомия» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік өңдеу		20 беттің 3 беті

## Тақырып №1

**1. Тақырып:** Остеология-сүйектер туралы ілім. Иық белдеуі сүйектері . Қол сүйектерінің еркін бөлігінің құрылысы. Аяқтың еркін сүйектері. Жамбас белдеуінің сүйектері, құрылымы: жамбас, сан, асықты жілік және шыбығы, тобық сүйектері. Краниология. Ми мисауыты. Бет сүйектері. Артросиндесмология. Омыртқа бағанасы. Миология. Бас бұлшық еттері. Ымдау және шайнау бұлшықеттері, шандырлары.

**2. Мақсаты:** Негізгі халықаралық анатомиялық терминдерді, білік пен жазықтықтарды үйрету. Тірек-қимыл жүйесінің құрылымдық ерекшеліктерін оқыту. Омыртқа бағанасына түсінің беру. Адам тұлғасындағы сүйектерді сипап сезу. Иық белдеуі, қолдың сүйектерінің еркін бөлігінің құрылысы: тоқпан жілік, білек, білезік сүйектері мен қол ұшы /басы/ сүйектерінің жалпы сипаттамасын білу. Аяқ сүйектерінің құрылысын зерттеу: жамбас, сан, асықты жілік, асықты жілік шыбығы сүйектері, табан сүйектері.

**3. Оқу мақсаты:** Негізгі халықаралық анатомиялық терминдерді, білік пен жазықтықтарды үйрету. Тұлға сүйектерін қаңқада, алдынан және жанынан қараған суреттерде танып, дәл таба білу арқылы еркін меңгеруді үйрету. Сүйектердің құрылысы жөніндегі теориялық білім мен дағдыны қаңқаны зерттеу арқылы бекіту. Білім алушыларға қаңқадан мойын, кеуде, бел омыртқаларының ерекшеліктерін табуды үйрету. Сегізкөз, құйымшақ. Төс, қабырғалардың құрылысы. Білім алушыларға қол сүйектерінің құрылысын қаңқада, алдынан және жанынан қараған суреттерге танып, дәл таба білу арқылы еркін меңгеруді үйрету

### **4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

- Негізгі анатомиялық латын терминдерді атаңыз?
- Адам денесінің білік пен жазықтық қимасын атаңыз
- Қаңқаға анықтама беру
- Сүйектердің жіктелуі
- Бас сүйектің ми мен бет бөлімдеріне бөлінуі
- Дененің сүйектерінің құрылымдық ерекшеліктері туралы айту.
- Омыртқа бағанасының құрылысы, оның бөлімдері, функционалдық маңызы.
- Омыртқа бағанасының вертикальды қалпына байланысты құрылысындағы ерекшеліктер.
- Кеуде торының пішіндерінің конституционалды ерекшеліктері.
- Кеуде торының құрылысының анатомиясы.

### **5. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне жету үшін оқытудың негізгі түрлері/ әдістері/ технологиялары:**

- **Аудиториялық сабақтар:** жалпы шолу.
- **Тәжірибелік сабақтар(симуляция):** анатомиялық препараттармен, муляждармен, кестелермен, планшеттермен жұмыс жасау, кіші топтарда жұмыс жасау, ауысша сұрау, тестілік тапсырмаларды шешу, ситуациялық тапсырмаларды шешу.
- **Білім алушының өзіндік жұмысы:** презентация дайындау және
- қорғау, тест тапсырмаларды құру, тақырып бойынша глоссарии

### **6. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері.**

- ауызша сұрау, тестілік тапсырмаларды, ситуациялық есептерді шешу.

### **7. Әдебиет:** №1 қосымша

### **8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.)**

#### **Тесттер:**

- Маңдайға параллель бағытта өтетін жазықтық:

- а) Көлденең.
  - б) Фронталді+
  - в) Сагитталді
  - г) Вертикалді
  - д) Қиғаш
2. Дененің орталығы арқылы өтіп, оны екі симметриялық жартыға бөлетін жазықтық:
- а) фронталдық
  - б) көлденең
  - в) медиалдық
  - г) орталық (медиандық) +
  - д) латералдық
3. Қанқа қартаюның белгілері-...
- а) сүйектің сирек кездесуі+
  - б) сүйектердің тығыздалуы
  - в) шеміршектің үлкен мөлшерінің пайда болуы
  - г) сүйек плиталарының санының артуы
  - д) өскінді қалыптастыру
4. Түтік сүйектерінің ортаңғы бөлігінің атауы:
- а) диафиз+
  - б) эпифиз
  - в) метафиз
  - г) апофиз
  - д) диплоэ
5. Денесі мен түтікшелі сүйектерінің ұштары арасында орналасқан сүйектің бөлігінің атауы:
- а) диафиз
  - б) эпифиз
  - в) метафиз+
  - г) апофиз
  - д) диплоэ
6. Түтік сүйектерінің ұштарының атауы:
- а) диафиз
  - б) эпифиз+
  - в) метафиз
  - г) апофиз
  - д) диплоэ
7. Жауырын сүйегінің құрылымы қандай:
- а) түтікті
  - б) қалыптан тыс
  - в) тегіс+
  - г) аралас
  - д) әуе
8. Қайсысы құрылымы бойынша иық сүйегі:
- а) түтікті+
  - б) ерінді
  - в) аралас
  - г) әуе

д)тегіс

9.Иық белдік сүйегі:

а)төс

б)жауырын+

в)иықты

г)шынтақты

д)сәулелі

10. Сегізкөз омыртқаларының саны:

A) 4

B) 5+

C) 7

D) 8

E) 12

**Есептер:**

**№1.** Көшедегі жарақаттың салдарынан науқастың жүрегі тоқтап қалды

Жедел көмек қалай көрсетіледі және қанқаның қандай бөліктері әсер етеді?

**Жауап:** Төске ырғақты қозғалыстар арқылы жүрекке жасанды массаж жасау қажет

**№2.** Омыртқаның қысқа бифуруслы арқалық өскіндері бар, көлденең өсінділерде ұсақ тесіктер бар. Омыртқаны анықтаңыз?

**Жауап:** жатыр мойын омыртқасына тән

**№3.** Күрт құлаудың салдарынан жәбірленушінің білек сүйектерінің сынуы болды. Бұл

жағдайда білектің алдыңғы бүйірінде паталогиялық қозғалғыштық байқалады. Жәбірленушіде қандай сүйектің сынуы байқалады?

**Жауап:** Зардап шеккен адамныңның шынтақ сүйегі сынған.

**Тестгер:**

1. Мисауытқа (бассүйектің милық бөлігі) жатады:

A) Маңдай сүйек+

B) Таңдай сүйек

C) Төменгі жақсүйек

D) Желбезек

E) Жоғарғы жақсүйек

2. Торлық (тесіктелген) табақшасыбарсүйек:

A) маңдайлық сүйек

B) көзжастық сүйек

C) сынагәрізді сүйек

D) кеңісірік (тор сүйек) +

E) мұрындық сүйек

3. Бассүйектің ең үлкен тесігі орналасқан сүйек:

A) маңдайлық

B) шекелік

C) шүйделік+

D) самайлық

E) бетсүйектік

4. Бассүйектің милық бөлігінің (мисауыттың) қызметі:

A) тыныс алу ағзаларының бастапқы бөлігін жабады

- В) мидың орналасқан орны+  
С) ас қорыту ағзаларының баспақы бөлігін жабады  
D) дыбыс ағзаларының орналасқан жері  
E) сезім ағзаларының орналасқан жері
5. Бассүйектің тақ сүйегі:  
A) маңдайлық+  
B) жоғарғы жақсүйек  
C) таңдайлық  
D) самайлық  
E) шекелік
6. Қабыршағы бар сүйек:  
A) сынатәріздісүйек  
B) тор сүйек  
C) маңдай сүйек+  
D) жауырын сүйек  
E) шеке сүйек
7. Маңдайлық сүйектің анатомиялық түзілісі:  
A) кеңсірік үсті (глабелла)+  
B) көру өзегі  
C) дөңгелек тесік  
D) көзұя асты жиегі  
E) қиғаш сызық
8. Сынатәрізді сүйектің анатомиялық түзілісі:  
A) соқыр тесік  
B) дөңгелек тесік+  
C) шүйделік тесік  
D) бет өзегі  
E) мойындырық тесігі
9. Тіластылық өзек орналасқан:  
A) шүйде сүйекте+  
B) жоғарғы жақсүйекте  
C) төменгі жақсүйекте  
D) сынатәрізді сүйекте  
E) таңдай сүйекте
10. Таңдай сүйектің өсіндісі:  
A) бетсүйектік өсінді  
B) көзұялық өсінді+  
C) ұяшықтық өсінді  
D) айдаршықтық өсінді  
сынатәрізді өсінді

### Есептер:

№1. Бір жасар балада рентгенологиялық суретте бассүйектің маңдай бөліміндегі ортаңғы сызығында саңылау байқалады. Оның себебі неде?

**Жауап:** Маңдай сүйек екі бөліктен дамиды, 2 жасқа таман метопикалық тігіспен бітіседі.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы		№81/11-2024
«Анатомия» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік өңдеу		20 беттің 7 беті

**№2.** Шопар буынының сызығымен жарақатқа ұшыраған аяқты хирург алынуын жүргізу керек. Бұл белгіленген операцияны жүргізу үшін қай жалғаманы кесі керек?

**Жауап:** Аяқтың шопар буынында сызық жүргізу үшін екі айырық жалғаманы кесу керек (өкше-ладья тәріздес және өкше-текше тәріздес).

**№3.** Мойын аймағы жарақат алғанда қатты қан ақты, бұл ауалы эмболия асқынуымен аяқталды. Бұндай мойын аймағында жарақат болғанда не әсер етеді. Кеуде қуысындағы терең тыныстың болуы мойын ауа тамырлары

**Жауап:** Мойын аймағы жарақат алғанда мұндай асқынулардың пайда болуындағы ерекшеліктер

- мойын аймағында көп вена және артерия орналасқан.
- тыныс алуға көптеген бұлшықеттер қатысады.
- көп шандыр, тамырдың солуына жол бермейді.
- кеуде қуысының теріс тыныстың болуы, мойын тамырларының ауаны тартуға қажеттілік етеді.

## Тақырып №2

**1. Тақырып:** Спланхнология-ішкі ағзалар туралы ілім. Ас қорыту жүйесі. Ас қорыту ағзаларына жалпы шолу. Ішектер топографиясы, бөліктері, қабырғаларының құрылысы. Бауыр, өт қабы, ұйқы безі, топографиясы, құрылысы, қызметі. Ішастар туралы түсінік. Ішастардың іш қуысындағы бөліктерге сай жолы /жүрісі/ мен топографиясы.

**2. Мақсаты:** Студенттерге ас қорыту жүйесін муляждарда, планшеттерде көрсетіп, табуды және атауды үйрету. Ішектер топографиясы, бөліктері, қабырғаларының құрылысы бұрлері зерттеу. Бауырдың, ұйқы безінің, өт қабының құрылысы мен қызметінің ерекшеліктерін, сегменттерін, топографиясын, құрылысы мен қызметін зерттеу.

**3. Оқу мақсаты:** Ауыз қуысы, тіл, тістер. Сілекей бездері. Таңдай, жұтқыншақ, өңеш, асқазан құрылысы, топографиясы, қызметтері. Ауыз қуысының қабырғалары мен ішіндегі ағзаларды зерттеу. Жұтқыншақ, өңеш, асқазанның құрылысын зерттеу. Студенттерге ішектер топографиясын, бөліктерін, қабырғаларының құрылысы бұрлерінің құрылысын муляждарды, плакаттарда тауып көрсетіп атау. Студенттерді муляждарда, планшеттерде бауыр, ұйқы безі, өт қабы, сегменттер, топография, құрылысы мен қызметтерін табуға, атауға және көрсетуге үйрету.

### **4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1. Ауыз қуысының қабырғаларын қандай ағзалар түзеді?
2. Тістің құрылысын айтыңыз. Тістің әртүрлі формалары немен ерекшеленеді?
3. Сүт және тұрақты тістердің шығу мерзімдерін атаңыз?
4. Сүт және тұрақты тістердің толық формуласын жазыңыз.
5. Тілдердің бетінде қандай бүртіктер бар?
6. Дәм бүртіктері қайсысында бар? Жіңішке ішек қандай ұзындықта және жуандықта болады.
7. Жалпы жіңішке ішектің сірлі қабығының қандай анатомиялық көрінісі бар.
8. Тоқ ішектің жіңішке ішектен құрылымы жағынан айырмашылығы
9. Бауырдың висцералды беті қандай мүшелермен жанасады.
10. Өт қабының көлемі мен өлшемін атаңыз.

## 5. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне жету үшін оқытудың негізгі түрлері/ әдістері/ технологиялары:

- **Аудиториялық сабақтар:** жалпы шолу.
- **Тәжірибелік сабақтар(симуляция):** анатомиялық препараттармен, муляждармен, кестелермен, планшеттермен жұмыс жасау, кіші топтарда жұмыс жасау, ауызша сұрау, тестілік тапсырмаларды шешу, ситуациялық тапсырмаларды шешу.
- **Білім алушының өзіндік жұмысы:** презентация дайындау және қорғау, тест тапсырмаларды құру, тақырып бойынша глоссарий.

## 6. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері.

- ауызша сұрау, тестілік тапсырмаларды, ситуациялық есептерді шешу.

## 7. Әдебиет: №1 қосымша

## 8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.)

### Тесттер:

1. Бірінші тұрақты тіс жарылатын уақыт:

- а) 6-7 ай
- б) 2-3 жаста
- в) 6-7 жаста+
- г) 9-10 жаста
- д) 20 ай

2. Шықшыт безінің түтігі ашылады:

- а) тіласты бүртігіне
- б) тіласты қатпарына
- в) жұмсақ таңдайға
- г) ауыз кіреберісіне+
- д) ауыз қуысының түбіне

3. Төменгі жақсүйек асты безінің түтігі ашылады:

- а) ауыз кіреберісі
- б) төменгі ерінің жүгеншесі
- в) тіласты бүртігіне+
- г) бадамшаүстіндегі шұңқыр
- д) жұмсақ таңдай

4. Тілдегі жапырақтәрізді бүртіктер орналасқан:

- а) шекаралық жүлгенің және соқыр тесіктің алдында
- б) тілдің жиегінде+
- в) тілдің ұшында
- г) тіл арқашығының бетінде
- д) тілдің төменгі бетінде

5. Тілдің бадамшасы орналасқан:

- а) тіл жиегі
- б) тіл денесі
- в) тілдің төменгі беті
- г) тіл түбірі+
- д) тіл ұшы

6. Өңештің бөліктері:



- а) бас бөлігі
- б) қабырғашілік бөлігі
- в) кеуделік бөлігі+
- г) медиалді бөлігі
- д) аралық бөлік
- 7. Таңдайдың бөліктері:
  - а) Қатты таңдай+
  - б) Жоғарғы таңдай
  - в) Артқы таңдай
  - г) Төменгі таңдай
  - д) Алдыңғы таңдай
- 8. Төменгі жақсүйекасты безінің түтігі ашылады:
  - а) ауыз кіреберісіне
  - б) төменгі ерін жүгеншігіне
  - в) тіласты бүртігіне+
  - г) бадамшаүстілік шұңқырға
  - д) жоғарғы екінші азу тіс деңгейінде
- 9. Экзокринді бездер:
  - а) шықшыт безі+
  - б) қалқанша без
  - в) гипофиз
  - г) эпифиз
  - д) бүйрекүсті безі
- 10. Тілдік бадамша орналасқан:
  - а) тіл ұшында
  - б) тіл астында
  - в) тіл түбірінде+
  - г) тіл денесінде
  - д) тіл жиегінде

### Есептер:

**№1.** Стоматолог-дәрігер ауыз қуысын қарайды. Жұмысқа кіресер алдында тіл астына тампон салады. Неге бұл манипуляцияны жасайды?

**Жауап:** Сілекейді азайту мақсатында.

**№2.** Дәрігер-стоматолог тіске пломб салады. Ауыз қуысында сілекейдің жиналуын азайту үшін шықшыт безінің өзегінің тесігін жабу үшін тампонды қайда салуы керек?

**Жауап:** Дәрігер тампонды немесе дренаждық трубканы ауыз кіреберісіне салады.

**№3.** Балада үстіңгі және астыңғы күрек тістер түгелімен шықты. Баланың жасын анықта.

**Жауап:** 10-12 айлық бала

### Тақырып №3

**1. Тақырып: Тыныс алу жүйесі ағзаларының жалпы сипаттамасы. Өкпе, құрылысы, топографиясы, қызметі. Өкпеқап.**

**2. Мақсаты:** Студенттерге тыныс алу жүйесін муляждарда, планшеттерде көрсетіп, табуды және атауды үйрету. Көмей топографиясы, бөліктері, қабырғаларының құрылысын зерттеу.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы		№81/11-2024
«Анатомия» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік өңдеу		20 беттің 10 беті

Өкпенің құрылысы мен қызметінің ерекшеліктерін, сегменттерін, топографиясын, құрылысы мен қызметін зерттеу.

**3. Оқу мақсаты:** Тыныс алу жүйесінің құрылысы, топографиясы, қызметтері. Мұрын қуысының қабырғалары мен ішіндегі ағзаларды зерттеу. Көмей, кеңірдек, бронхтардың құрылысын зерттеу. Студенттерге өкпе топографиясын, бөліктерін, қабырғаларының құрылысын муляждарда, плакаттарда тауып көрсетіп атау. Студенттерді муляждарда, планшеттерде өкпе сегменттерін топография, құрылысы мен қызметтерін табуға, атауға және көрсетуге үйрету.

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

11. Сыртқы мұрын құрылысын шеміршектерін айтыңыз?
12. Мұрын қуысының қабырғаларын қандай ағзалар түзеді?
13. Мұрын қуысындағы ауа жолдарын атаңыз?
14. Көмей шеміршектерін атаңыз?
15. Көмей бұлшықеттерінің қанша тобы бар?
16. Кеңірдектің құрылысы қандай?
17. Оң басты бронх пен сол басты бронхтың айырмашылығы
18. Бронхтардың бөлінуі және аталуы
19. Өкпенің қызметтік құрылымдық бірлігі.
20. Өкпенің сегменттерге бөлінуі.

**5. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне жету үшін оқытудың негізгі түрлері/ әдістері/ технологиялары:**

- **Аудиториялық сабақтар:** жалпы шолу.
- **Тәжірибелік сабақтар(симуляция):** анатомиялық препараттармен, муляждармен, кестелермен, планшеттермен жұмыс жасау, кіші топтарда жұмыс жасау, ауысша сұрау, тестілік тапсырмаларды шешу, ситуациялық тапсырмаларды шешу.
- **Білім алушының өзіндік жұмысы:** презентация дайындау және
- қорғау, тест тапсырмаларды құру, тақырып бойынша глоссарии.

**6. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері.**

- ауызша сұрау, тестілік тапсырмаларды, ситуациялық есептерді шешу.

**7. Әдебиет:** №1 қосымша

**8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.)**

**Тесттер:**

1. Мұрын қуысының бөліктері:

- а) тыныс алу және иіс сезу
- б) тыныс алу және көру
- в) тыныс алу және түйісуді сезу
- г) иіс сезу және есту
- д) иіс сезу және дәм сезу

2. Мұрындық жол – ...

- а) мұрын қалқанының астындағы кеңістік
- б) мұрын қуысының кіреберісі
- в) мұрын-көзжасөзегінің тесігі
- г) жоғарғы жақсүйектің маңдайлы өсіндісінің жанындағы жүлге

д) сынатәрізді сүйектің үлкен және кіші қанаттардың арасындағы саңылау

3. Көмей ... болып табылады:

- а) тыныс алу жолы мен дауыс аппараты
- б) тыныс алу және тірек-қимыл аппараты
- в) ас қорыту және дауыс аппараты
- г) несеп шығаратын жүйе мен дауыс аппараты
- д) тынысалу және ас қорыту аппараты

4. Кеңірдек – ...

- а) көмей мен басты бронхтардың аралығында орналасқан түтікті ағза
- б) ауыз қуысы мен өңештің аралығында орналасқан түтікті ағза
- в) бүйректің жоғарғы шетінде орналасқан ағза
- г) бүйрек пен несеп қуықтың аралығында орналасқан түтікті ағза
- д) өкпелердің аралығында орналасқан үлесті ағза

5. Кеңірдек айырығы – ...

- а) кеңірдектің екі негізгі бронхтарға бөлінген жері
- б) көршілес шеміршектік жартылай сақиналардың аралығындағы дәнекер тіндік табақша
- в) кеңірдектің сыртқы қабығы
- г) кеңірдек қабырғасының қақпағы
- д) кеңірдектің қолқамен қиылысқан жері

6. Мұрын қуысында ... мұрын жолы орналасқан.

- а) үш
- б) екі
- в) төрт
- г) бес
- д) бір

7. Төменгі мұрын жолына ... ашылады.

- а) мұрын-көзжас өзегі
- б) маңдай қойнауы
- в) гаймор қойнауы
- г) торлы сүйектің (кеңсіріктің) алдыңғы ұяшықтары
- д) евстахий түтігі

8. Көмейдің тақ шеміршегі:

- а) қалқаншатәрізді
- б) мүйізтәрізді
- в) сынатәрізді
- г) ожаутәрізді
- д) дән тәрізді

9. Жоғарғы жақсүйек қойнауына ... ашылады.

- а) ортаңғы мұрын жолы
- б) жоғарғы мұрын жолы
- в) сына-таңдай шұңқыры
- г) төменгі мұрын жолы
- д) мұрын-көзжас өзегі

10. Маңдай қойнауына ... ашылады.

- а) ортаңғы мұрын жолы
- б) жоғарғы мұрын жолы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы		№81/11-2024
«Анатомия» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік өңдеу		20 беттің 12 беті

- в) алдыңғы бассүйек шұңқыры
- г) жоғарғы көзү саңылауы
- д) төменгі мұрын жолы

### Есептер:

**№1.** Тыныс жолдарына бөгде зат түскен адамды жарақат бөліміне әкелді. Басты бронхтардың анатомиялық ерекшелігін ескере отырып заттың қай бронхта тұрып қалғанын айт.

**Жауап:** Оң басты бронхта.

**№2.** Ауруда қабыну процесімен кеңірдектің артқы қабырғасы бұзылған. Бұл жағдайда қабыну процесі қай ағзаға өтуі мүмкін екендігін көрсет.

**Жауап:** Кеңірдектің артқы қабырғасының қабыну процесі өңешке өтеді.

**№3.** Интубациялық түтікті көмейге салу үшін дәрігер тамақ арқылы көмей кіреберісі қолмен табады. Көмейге кіретін тесік немен қоршалған?

**Жауап:** Көмейге кіретін тесіктің алдын көмей үсті шеміршегі, артын ожау тәрізді шеміршектердің ұштары бүйірінде ожау – көмей үсті қатпарлы қоршаған

1. Тыныс алу ағзаларын атаңыз?
2. Балаларда жоғарғы тыныс алу жолдарында қабыну процесі жиі жүре ме?
3. Бронх ағашы және альвеолалық ағаш қандай қызмет атқарады?
4. Өкпе қалай дамиды?
5. Жоғарғы тыныс алу жолдарына не жатады
6. Төменгі тыныс алу жолдарына не жатады

### Бүйректер, құрылысы және топографиясы. Қан айналым ерекшеліктері. Еркек және әйел жыныс ағзалары, топографиясы, құрылысы.

**2.Мақсаты:** Зәр ағзаларының құрылысы мен қызмет етуін зерттеу. Ер және әйел жыныс мүшелерінің құрылысы мен қызметін зерттеу. Жүрек-қантaмыр жүйесінің құрылысы мен қызметін зерттеу. Сыртқы және ішкі ұйқы артериясының құрылысы мен функцияларын зерттеу.

**3. Оқу мақсаты:** Білім алушыларға зәр жүйесінің органдарын муляждарда, планшеттерде, кестелерде табуға, атауға және көрсетуге үйрету. Ерлер мен әйелдердің жыныс мүшелерін муляждарда, планшеттерде, плакаттарда табуға, атауға және көрсетуге үйрету. Жүрек, жүрек камерасы. Жүрек қабырғасының құрылысы. Перикард, жүрек топографиясы.

### 4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Бүйректің макроскопиялық құрылысы.
2. Бүйректің скелетопиясы, синтопиясы, голотопиясы.
3. Бүйрек қабаттары.
4. Бүйрек фиксациясы.
5. Еркек жыныс мүшесі. Еркектің несеп шығаратын каналы, бөліктер.
6. Аналық без, құрылысы, топографиясы, жасқа байланысты ерекшеліктері.
7. Жүректің сыртқы құрылысы.
8. Жүрекшелердің құрылысы
9. Үлкен және кіші қан айналым шеңберлері.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы		№81/11-2024
«Анатомия» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік өңдеу		20 беттің 13 беті

10. Сыртқы ұйқы артериясының бұтақтары ұйқы үшбұрышында қандай ретпен жүреді?

11. Ішкі мықын артериясының висцералды тармақтарын атаңыз.

**5. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне жету үшін оқытудың негізгі түрлері/ әдістері/ технологиялары:**

- **Аудиториялық сабақтар:** жалпы шолу.
- **Тәжірибелік сабақтар(симуляция):** анатомиялық препараттармен, муляждармен, кестелермен, планшеттермен жұмыс жасау, кіші топтарда жұмыс жасау, ауысша сұрау, тестілік тапсырмаларды шешу, ситуациялық тапсырмаларды шешу.
- **Білім алушының өзіндік жұмысы:** презентация дайындау және
- қорғау, тест тапсырмаларды құру, тақырып бойынша глоссарии.

**6. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері.**

- ауызша сұрау, тестілік тапсырмаларды, ситуациялық есептерді шешу.

**7. Әдебиет:** №1 қосымша

**8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.)**

**Тесттер:**

1. Бүйректің екі полюсі дегеніміз:

- а) жоғарғы және төменгі шеттері+
- б) вентралдық және каудалдық шеттері
- в) жоғарғы және медиалдық шеттері
- г) медиалдық және артқы шеттері
- д) төменгі және вентралдық шеттері

2. Бүйректің құрылымдық-қызметтік бірлігі:

- а) нефрон+
- б) ацинус
- в) бүйрек бүртігі
- г) бүйрек денешігі
- д) кіші тостаған

3. Несеп ағардың ұзындығы:

- а) 25-30 см+
- б) 5-7 см
- в) 10-15 см
- г) 10-20 см
- д) 8-10 см

4. Несеп қуық ... орналасқан.

- а) қасаға симфизінің артында+
  - б) қасаға симфизінің алдында
  - в) сегізкөздің алдында
  - г) сегізкөз-мықын буынының артында
- ұршық буынының жанында.

5. Еркектің сыртқы жыныс ағзасы:

- а) ұма+
- б) қуықасты безі
- в) шәует шығаратын түтік
- г) бульбоуретралдық бездер

д) шәует қуықшалары

6. Әйелдің сыртқы жыныс ағзасы:

а) деліткі+

б) анабез

в) жатыр

г) жатыр түтігі

д) қынап

7. Еркектің жыныс жасушалары... дамып жетіледі.

а) иреленген шәует өзекшелерінде+

б) атабез қосалқысында

в) қуықасты безінде

шәует қуықшасында

8. Жүрек ... орналасқан.

а) алдыңғы көкірекаралықта+

б) алдыңғы көкірекаралық ортаңғы

в) артқы көкірекаралықта

г) жоғарғы көкірекаралықта

д) бүйір көкірекаралықта

9. Жүректің оң жақ жүрекше- қарынша тесігінде ... орналасқан.

а) үшжармалы қақпақ+

б) қолқалы қақпақ

в) митралдық қақпақ

г) жартыайлы қақпақ

д) өкпе сабауының қақпағы

10. Кіші қанайналым шеңбері ... басталады.

а) өкпе сабауынан+

б) иық-бас сабауынан

в) қолқадан

г) бронх артерияларынан

д) көкірекаралық артерияларынан

#### **Есептер:**

**№1.** Дәрігер-рентгенолог бүйрек рентгенограммасын қарағанда оның түбекшесі қап тәрізді, кіші табақшалар бірден түбекшеге құятыны (үлкен табақшалар жоқ) көрінді. Даму варианттарын ескере отырып дәрігер бүйректің экскреторлық жолдарының қай пішінін көрді?

**Жауап:** Дәрігер рентгенолог бүйрек экскреторлық ағашының эмбриональдық пішінін тапты.

**№2.** Ауруда несеп-тас ауруы. Несеп ағардың қай жерлерінде тас тұрып қалып тесікті жабуы мүмкін.

**Жауап:** Түбекшеден шыққан жерінде, кіші жамбасқа өткен жерінде, қуыққа кірген жерінде.

**№3.** Қынап арқылы жатыр мойнын қарағанда гинеколог онда көлденең саңлауды көрді. Әйел бұрын босанған ба?

**Жауап:** Гинекология келген әйел бұрын бала тауып босанған.

#### **Тақырып №4**

**1. Тақырып:** Нерв жүйесі туралы ілім – неврология. Орталық нерв жүйесі. Жұлын құрылысы. Артқы ми. Сопакша ми, көпір. Мишық, пішіні, құрылысы, топографиясы.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы		№81/11-2024
«Анатомия» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік өңдеу		20 беттің 15 беті

**Ромб тәрізді шұңқыршақ, ІҮ қарынша. Соңғы ми. Сүйелді дене. Гипокамп, ішкі капсула. Ортаңғы ми. Төрт төмпешік. Ми аяқшалары. Аралық. Таламенцеллофон және гипоталамус. Үшінші қарынша, Бас ми нервтері. I, II, III, IV, VI жұптар. Үшкіл нерв/V-жұп/оның бірінші, екінші, үшінші тармақтары. Бет нерві /VII-жұп/. Тіл-жұтқыншақ нерві /IX-жұп/. Кезбе нерв /X-жұп/. Қосалқы нерв /XI-жұп/. Тіласты нерві /XII-жұп/.**

**2.Мақсаты:** Орталық нерв жүйесі құрылысының ерекшеліктерін зерттеу. Жұлынның құрылысын,сұр затты, конструкциян зерттеу. Омыртқаның ақ заты. Сегменттеу. Жұлын қабығы. Мидың құрылымын, топографиясын, функцияларын және олардың бөліктерін сопақша ми, артқы ми және көпірді зерттеу.

**3.Оқу мақсаты:** Студенттерді орталық жүйке жүйесін табуды, атауды, намуляждарда, планшеттерде, плакаттарда көрсетуді үйрету.Жұлынның, қабықтың сыртқы және ішкі құрылымын, жұлын нервтерінің қалыптасуын, мойын өрісінің тармақтарын, олардың инервация аймағын, құрылысын, топографиясын білуге үйрету. Мидың бөліктерін білуге үйрету: сопақша ми, артқы ми, ми көпірі.

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

- 1.Жұлынның сегментіне анықтама беріңіз.
- 2.Мойын өрісінің нервтерін атаңыз және олар қайда тарылады?
3. Жұлынның бетінде қандай саңылаулар көрінеді?
4. Жұлынның сегментіне анықтама беріңіз.
- 5.Сопақша мидың шекарасын сипаттаңыз.
- 6.Сопақш мидың бетінде қандай бороздар бар.

**5. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне жету үшін оқытудың негізгі түрлері/ әдістері/ технологиялары:**

- **Аудиториялық сабақтар:** жалпы шолу.
- **Тәжірибелік сабақтар(симуляция):** анатомиялық препараттармен, муляждармен, кестелермен, планшеттермен жұмыс жасау, кіші топтарда жұмыс жасау, ауызша сұрау, тестілік тапсырмаларды шешу,ситуациялық тапсырмаларды шешу.
- **Білім алушының өзіндік жұмысы:** презентация дайындау және қорғау, тест тапсырмаларды құру, тақырып бойынша глоссарии.
- **6.Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері.**

- ауызша сұрау, тестілік тапсырмаларды, ситуациялық есептерді шешу.

**7. Әдебиет:** №1 қосымша

**8. Бақылау (сұрақтар,тесттер, есептер және т.б.)**

**Тесттер:**

1.. Орталық жүйке жүйесі тұрады:

- а) жұлын және бас миынан+
- б) жұлын және сезім мүшелері
- в) жұлын және бас миының дің бөлігі
- г) ми және ганглий
- д) тек мидан

2.. Ретикулярлы формация-бұл нейрондар мен жүйке талшықтарының:

- а) жұлын мен ми діңінде+

б) сүйек миы

в) аралық ми

г) ми қабығы

д) көру орталығында

3. Орта мидың жоғарғы төмпешіктері:

а) қыртыс асты дәм сезу орталықтары

б) қыртысты көру орталықтары+

в) Кокк асты есту орталықтары

г) тепе-теңдіктің Кокк асты орталықтары

д) қанайналым орталықтары

4. Кеуде нервінің тармағы ...

а) мойын +

б) иық

в) бел

г) көз

д) құйрық

5. Мойын сегменттерінің саны

а) 8 жұп

б) 5 жұп

в) 9 жұп

г) 7 жұп+

д) 12 жұп

6. Жұлыннан кететін мойын сегменттерінің саны:

а) 8 жұп+

б) 5 жұп

в) 9 жұп

г) 7 жұп

д) 12 жұп

7. Кеуде жұлын нервтерінің саны:

а) 1

б) 5

в) 8

г) 2+

д) 13

8. Ортаңғы миға жатады:

а) ми аяғы+

б) аралық ми

в) соңғы ми

г) артқы ми

д) орта мидың тысы

9. Аралық миға жатады:

а) тұздық

б) таламус +

в) емізік тәрізді дене

г) көру перекресті

д) ми аяғы



O'NTUSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы		№81/11-2024
«Анатомия» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік өңдеу		20 беттің 17 беті

## Есептер:

**№1.** Науқта иық бүгілуінің бұзылуы және білектің сәулелі жағынан тері сезімталдығының бұзылуы байқалады. Науқта қандай нервтің зақымдануы байқалады.

**Жауап:** науқта бұлшықет-тері нервiнiң зақымдануы байқалады

**№2.** Науқта жамбастың артқы бетінің тері сезімталдығының бұзылуы байқалады. Науқта қандай нервтің бұзылуы байқалады.

**№ 3.** Науқта тері сезімталдығының бұзылуы байқалады-стереогенді сезім - затты сезу арқылы тану. Қандай жұлынның арқандары деңгейінде өткізгіштіктің бұзылуы бар?

**Жауап:** жұлынның артқы канатиктерінің Голя және Бурдаха шоғыры.

## №1 қосымша

### Қазақ тілінде:

#### Негізгі:

1. Адам анатомиясы: II бөлім. Оқу құралы/ Ә.О. Кузенбаева.- Алматы: Эверо, 2020. - 248 бет
2. Адам анатомиясы: I бөлім. Оқу құралы/ Ә.О. Кузенбаева.- Алматы: Эверо, 2020. - 292 бет
3. Рақышев А. Р. Адам денесі. 3 томдық. Т. 1. Сүйектер туралы ілім. – М.: ГЭОТАР - Медиа, 2014
4. Рақышев А. Р. Адам денесі. 3 томдық. Т. 3. Жүйке жүйесі. Сезім мүшелері: оқулық / А. Р.
5. Рақышев. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 376 бет
6. Рақышев А. Р. Адам денесі. 3 томдық. Т. 2. Ас қорыту жүйесі. Тыныс алу жүйесі. Несеп-жыныс жүйесі. Эндокриндік бездер. Тамырлар туралы ілім. Лимфа жүйесі- М.: ГЭОТАР - Медиа, 2014.
7. Досаев Т:М. Адам анатомиясы.-Ақ-Нұр, оқу құралы.2013
8. Адам анатомиясы: оқулық- Алматы: ЖК «АҚНҰР» баспасы, 2013
9. Адайбаев, Т. А. Тірек-қимыл жүйесі 1 бөлім [Мәтін] : оқу құралы / Т. А. Адайбаев, А. Ы.
10. Алмабаева, М. К. Жаналиева. - Алматы : TechSmith, 2023. - 380 бет.
11. Адайбаев, Т. А. Тірек-қимыл жүйесі. 2 бөлім [Мәтін] : оқу құралы / Т. А. Адайбаев, А. Ы.
12. Алмабаева, М. К. Жаналиева. - Алматы : TechSmith, 2023. - 236 бет.

#### Қосымша:

1. Адам анатомиясы. Т. 1. Тірек - қимыл жүйесі сүйектер, буындар, бұлшықеттер [Мјтін] : атлас / Ұ. Ж. Жұмабаев [т.б.] . - Астана : Фолиант, 2005. - 321 с.
  2. Адам анатомиясы. Т. 2. Ішкі мүшелер жүйесі және эндокринді бездер [Мјтін] : атлас / Ә. Б. Әубәкіров [т.б.]. - Астана : Фолиант, 2006. - 250 с.
  3. Адам анатомиясы. 3- том. Жүрек тамыр жүйесі (жүрек, қан тамырлар, лимфа тамырлар) [Мјтін] : атлас / Ә. Б. Әубәкіров [т.б.] ; ред. А. А. Идрисов. - Астана : Фолиант, 2010. - 280 бет.
  4. Адам анатомиясы. 4-том. Нерв жүйесі (нерв жүйесі, сезім ағзалары): атлас / Ә. Б. Әубәкіров. - Астана Фолиант, 2012.
  5. Адам анатомиясы, 3- том. Жүрек тамыр жүйесі жүрек, қан тамырлар, лимфа тамырлар): атлас . А.Б. Аубакиров Астана: Болиант, 2010.
- Аубакиров А. Б. Адам анатомиясы: атлас. - Астана: "Сарыарка", 2008.

#### Электронды ресурстар:

1. Адам анатомиясы. 3 т. 2-ші т. Спланхнология және жүрек-тамыр жүйесі [Электронный ресурс]: оқулық / И. В. Гайворонский [т/б.]; - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 488 б. с.
2. Адам анатомиясы. 3 томдық. 1- ші т. Тірек-қимыл аппараты [Электронный ресурс] : оқулық /

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы	№81/11-2024
«Анатомия» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік өңдеу	20 беттің 18 беті

- 3.Рақышев, А. Р. Адам денесі. 3 томдық. 1 т. [Электронный ресурс]: оқулық / А. Р. Рақышев. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 456 бет. эл. опт. Диск
- 4.Рақышев, А. Р. Адам денесі. 3 томдық. 3 т. [Электронный ресурс]: оқулық / А. Р. Рақышев. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 376 бет. эл. опт. (CD-ROM).
- 5.Рақышев А. Р. Адам денесі. 3 томдық. 2 т. [Электронный ресурс]: оқулық / А. Р. Рақышев.-М.: ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 472 бет. эл. опт. диск (CD-ROM).
- 6.Несеп-жыныс ағзаларының анатомиясы. Ахмад Н.С., 2019 /ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/reader/web/2357>
- 7.Адам анатомиясы. Досаев Т.М. , 2019./ ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/reader/web/1054>